

Молдахметова А.  
**Қазақ биінің болашақ  
хореограф педагогын  
дайындаудың  
кейбір аспектілері**

Мақалада «Қазақ биі» пәні педагог-хореографын дайындаудың кейбір аспектілері қарастырылады. Ұлттық би сабақтарын оқытудың дәстүрлі формаларының жетпей жатқан әдістері проблемалары қозғалды. Қазақ биінің «сыйлық» қалпы мен «айналма» қол қозғалысын мысалға ала отырып би лексикасының семантикасы ашылады, ежелгі көшпенділердің ұлттық би тілімен берілген философиялық ой жүйесінің, дүниетанымының бейнеленуі суреті беріледі. Мақалада қарастырылған кейбір аспектілерге келтірілген мысалдар қазақ биін үйретуші педагогтардың сыйымды, толыққанды және табысты оқыту жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ биі бойынша педагог-хореографты қалыптастыруға елеулі әсер етуге арналған негіз ретінде қолданылатын, студенттің психологиялық-педагогикалық, әдіснамалық білігін дамытуға және дүниетанымын кеңейтуге әсер ететін би қимылдарының туындауы туралы теориялық білім жүйесін жасаудың өзектілігі кеңінен ашылған. Осы мақалада қарастырылған мәселелер би мұрасының сақталуы мен насихатталуына, жеке тұлғаны рухани-адамгершілік және эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуге, сондай-ақ қазақ биін оқыту үдерісіне жаңартпашылық әдістерді енгізуге бағытталаған.

**Түйін сөздер:** білім, би қимылдары, педагогика, оқыту әдістемесі, дүниетаным, теориялық білім.

Moldakhmetova A.  
**Some aspects of the preparation  
of the future teacher of Kazakh  
dance choreographer**

In this article deals with some aspects of preparing choreographer-teachers of the Kazakh Dance discipline. It says the problems lack in methods of traditional forms of teaching a lesson National Dance. For example, item «syilyk» and movements of hands in Kazakh dance «aynalma», opens the semantics in dance lexis, and gives the picture of reflection of philosophical thought of ancient nomads which passed through the language of a national dance. Examples which given below some aspects that discussed in the article come like an integral part of high-capacity, high-grade and successful training of teachers Kazakh dance. Wide-open the system of theoretical knowledge about the origin of the dance movements, which used as a base to provide a significant impact on the formation of the teacher-choreographer on the Kazakh dance, which promoting the developments of psycho-pedagogical and methodological skills and enrichments the philosophy of a student. The questions which discussed in this article aimed at preserving and promoting the heritage of dance, spiritual moral and aesthetic education of the individual, as well as implementation of innovative methods in the teaching of the Kazakh dance.

**Key words:** education, dance, dance moves, pedagogy, teaching methodology, philosophy, theoretical knowledge.

Молдахметова А.  
**Некоторые аспекты подготовки  
будущего педагога-хореографа  
казахского танца**

В статье рассматриваются некоторые аспекты подготовки педагога-хореографа дисциплины «Казахский танец». Затронуты проблемы недостающих методов традиционной формы преподавания урока национального танца. На примере поз «сыйлық» и движения рук «айналма» казахского танца раскрывается семантика танцевальной лексики, дается картина отражения философского мышления, мировоззрения древних кочевников, переданная через язык национального танца. Приводимые примеры некоторых аспектов, рассмотренных в статье, являются неотъемлемой частью емкого, полноценного и успешного обучения педагогов казахского танца. Широко раскрыта актуальность создания системы теоретических знаний о зарождении танцевальных движений, используемой как база для оказания существенного влияния на формирование педагога-хореографа по казахскому танцу, способствующее развитию психолого-педагогических, методических умений и обогащению мировоззрения студента. Рассмотренные вопросы в данной статье направлены на сохранение и пропаганду танцевального наследия, духовно-нравственного и эстетического воспитания индивида, а также на внедрение инновационных методов в процесс преподавания казахского танца.

**Ключевые слова:** образование, танец, танцевальные движения, педагогика, методика преподавания, мировоззрение, теоретические знания.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының  
II курс магистранты, Алматы қ., Қазақстан,  
e-mail: alimusha\_88@mail.ru  
Ғылыми жетекшісі – ө. к. профессор Саятова Г.Ю.

---

**ҚАЗАҚ БИІНІҢ  
БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФ  
ПЕДАГОГЫН  
ДАЙЫНДАУДЫҢ  
КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ**

Білім және тәрбие беру проблемалары қашан да өзекті мәселе. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында оқыту үдерісіне заманауи әдістемелер және технологияларды енгізу қажеттілігі туралы атап өткен болатын [1, 2-3]. Елбасының Жолдауын ескере отырып, оқыту саласындағы аса өзекті міндеттердің бірі Қазақстанның шығармашылық жоғары оқу орындарында болашақ маманды, оның ішінде хореограф педагогты дайындау болып табылатынын атап өткен жөн.

Жалпы алғандағы көркем өнер, нақты айтқанда хореографиялық өнер саласында білім беру жүйесін тұрақты түрде трансформациялау белгілі бір кәсіби білік пен дағдыларды игеру ғана емес, сондай-ақ жан-жақты білімдар педагог тұлғасы қабілеті мен қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған осы саланың жоғары білікті мамандарын дайындау қажеттілігін тудырады. Мамандардың дәл осындай типі заманауи білім беру жүйесінде болашақ кәсіби қызметті және әлеуметтік – мәдени салада толыққанды өзін-өзі жетілдіруді жүзеге асыру үшін талап етілетін болады.

Бұл мақалада «Қазақ биі» пәні педагог хореографын дайындаудың кейбір аспектілерін қарастырамыз. Бұл міндеттерді өзі жоғары мәдениет үлгісі болып табылатын, қазақ халқының тарихы, дәстүрлі және этнографиялық мәдениеті, сондай-ақ көркем және эпикалық шығармашылығы туралы білімді кеңінен және жан-жақты игерген білікті маман ғана шеше алады. Жинақтала келіп бұл білімнің барлығы өзіндік дамуға, әлеуметтік-мәдени құбылыстарды шығармашылық тұрғыда түйсінуге қабілетіне және жеке қасиеттерін оқу-тәрбие қызметінде нақты түрде қолдана білуге алып келеді. Сондықтан да қазақ хореография өнерінің болашақ мамандарын тәрбиелеу тек педагогты қалыптастыру мен дайындауға ғана бағытталып қоймай, сонымен қатар екіжақты үдеріс болуы тиіс. Бір жағынан бұл – кәсіби дайындық, екінші жағынан – суретші тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Қарастырылып отырған пәннің аталмыш саласы қазақ би өнерінің өзіндік ерекшелігін қарастырып қана қоймай, сондай-ақ халық музыкасын, поэзиясын, қазақ биі пластикасының тілі берілетін ою өнерін зерделейді. Олардың негізінде осы мамандық-

тың, қазақ биі жөніндегі педагогтың, кәсіби бағытын құрайтын білім, білік және дағдылар жатыр.

Қазақ биінің көптеген пластикалық элементтері мен қозғалыстары, түрлі қимылдары мен қалыптары көп жағдайда өздігінен бола бермейтіні, олардың ара қатынасы халықтың ішкі әлеміне үңілуге мүмкіндік беретін белгілі бір мәнге және мазмұнға, гармониялық үйлесім мен өлшемділікке ие екендігі белгілі. Қазақ биі лексиканың бастау көздері халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпын бейнелейтін терең философиялық мазмұнға ие, бұл ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ой тудырады.

Мысалы, қазақтың әйелдері биіндегі қол қимылы лексикасында қолдың келесі арнайы қалыптары бар: кішкентай сыйлық, үлкен сыйлық, сахналық сыйлық. Қолдың бұл қимылдарын орындаған кезде алақан аспанға қарай жайылды, мүмкін бұл «Тәңірлік» діни көзқараспен байланысты болар. Тәңір сөзі қазақ тілінде «көк» (аспан) ұғымында да айтылады («Көк тәңірі»). «Тәңір» дегеніміз шығыстанушы С.М. Абрамзонның сипаттауы бойынша «бұл жоғарғы құдірет», ол «барлық барлық астральдық ұғымдар түрінде беріледі, ол «бүкіл әлем» ұғымына барабар» [2, 290]. Тәңір құдайды Тұңғыш жаратушы ретінде табыну көшпенді қоғамға ол алғаш қалыптаса бастаған кезеңде тән болды, көркем өнердің кез келген түрінің, оның ішінде хореографиялық өнердің көрінуінің ерекшелігінде өз қолтаңбасын қалдырған қазақ халқының мифологиялық философиялық ойлау жүйесі оның образымен байланысты. Қол білезігінің мұндай қалыпта болуы қазақ ұғымында жер бетіндегі тіршілік атаулыны сыйлаған Үйлесімді жаратушыны білдіретін Аспан құдайы «Тәңірге» бой ұсыну мен табынудың көрінісі болуы да мүмкін. Философия ғылымдарының докторы, профессор С.Ш. Аязбекова бұл ғибадатшылықты мына түрде сипаттайды: «Басты мәңгілік субстанция болып табылатын, барлық басқа бастапқы көздер: от, су, ауа мен жерді қозғайтын, араластырып және қосатын Бастапқы көз ретіндегі Құдіретті Тәңір. Қазақтың дүниетанымында бүкіл Жаратылыстың Бастапқы көзі дәл осы Көк (Көк тәңірі) болып табылады» [3, 104-105].

Бұрынғылардың ойлау ерекшелігі ұғымы айналып қозғалу мәнін түсіндіру үшін қажетті болып табылды, ол қимыл барлығынан да, нақтырақ айтқанда қол қозғалысында, «айналма» деген атқа ие болған айналулар түрлерінде көрініс тапқан би өнерінде байқалды. «Айналма» деген сөздің өзі дөңгелек, дөңгелену дегенді білдіреді. Ш. Уәлиханов, қазақтың бақсы-шаманда-

рының дәстүрлі магиялық әрекеттерін зерттей келіп, олардың таңғажайып күштері айналуадан... адамды айналу, демек оған ауыртпалық түсіріп тұрған барлық арбау күштерін қабылдап алудан тұратынын, ... сондықтан да ең мейірімді сөз ... және сүйіспеншілігін ең шынайы білдіру «айналайын» сөзімен айтылатыны туралы жазды [4, 483]. Бұл сөз сені айналып жүрмін деген мағынаны білдіреді. Қолдың қозғалысы мен «айналма» айналыстары қазақ биі лексикасында негізгі қимылдардың бірі болып табылады, оларды орындау әдістемелік тұрғыда А.К. Құлбекова, Т.О. Изимнің «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» [5, 35, 52] кітабында сипатталған. Оларды зерделей отырып, көшпелі халықтың өмірге бүкіл көзқарасында дөңгелек формасына басымдылық беруі Ғарыш (Космос) туралы, уақыт, кеңістік тәрізді ұғымдар туралы түсінігімен байланысты деп болжаймыз. Дөңгелек, дөңгелене қозғалу, шиыршық құрылымы – қазақтың бүкіл мәдениетінің, халықтың адам өмірі туралы түсінігімен байланысты, маңызды элементтері. Өмір – аса күрделі цикл, онда әр жаңа мүшел (он екі жылдық өмір циклі) өмір кеңістігінде жаңа айналымды қосып отырады. Дөңгелек формасы үшкір бұрыштары жоқ, тіпті қытай жазбаларында да адам тіршілік етуі үшін анағұрлым үйлесімді кеңістік деп танылған киіз үйдің құрылысында көрініс тапқан. Демек, дөңгелек «түркі мәдениетінің анағұрлым маңызды белгі символы» болып табылады [3, 132].

Қазақ хореографиясы лексикасында қажетті зерттеуді талап ететін, пайда болуының терең мазмұны бар көптеген мысалдарды келтіруге болады. Себебі біздің ата-бабамыздың философиялық ойлау жүйесі, дүниетанымы қазіргі заманға биілі арқылы жетіп отыр. Әр элементті зерттей отырып, адамзаттың ерте даму кезеңдерінде ойлары мен сезімдерін білдірудің табиғи құралы ретінде адам денесінің пластикасы қарымқатынас жасау құралы ретінде көрінді деп айта аламыз. Қоғамның ежелгі даму кезеңдерінде би шығармашылығы адамның тіршілік әрекетінің өн бойын дендеп алды десе де боларлықтай, ол барлық сакралдық әрекеттер мен қоғамдық актілердің сөзсіз атрибуты болып табылды.

Алғашқы ғылыми-зерттеу жұмыстары қазақ биінің тұңғыш хореограф-педагогтары Д.Т. Абиоров пен А.С. Исмаиловтың «Казахские народные танцы» [6], «История казахского танца» [7]; Ш.Б. Жиенқұлованың «Казахские танцы» [8], «Тайна танца» [9]; О.В. Всеволодская-Голушкевичтің «Баксы ойны» [10], «Школа казахского танца» [11] еңбектерінде байқалды.

«Казахские народные танцы» кітабының авторлары Д.Т. Абиров пен А.С. Исмаилов ұлттық бидің орындаушылары бола отырып қазақ ерлер және әйелдер биінің негізгі лексикасын, сондай-ақ қандай да бір қимылдың орындалу техникасын сипаттады. О.В. Всеволодская-Голушкевичтің «Пять казахских танцев» жинағында автор әр бөлімде қазақ халқының би дәстүрлері, қандай да бір бидің шығу тарихы, кейбір би қимылдарының мәні туралы, сондай-ақ «би қимылдарының сұлулығы мен үйлесімділігін анықтауға көмектесетін, олардың көмегімен халықтың ұлттық пластикаһның идеалдары туралы түсінігі бейнеленетін» [12, 143] сахналық би костюмдері туралы баяндайды. Сонымен қатар жинақта «Шалқыма», «Өрме өру», «Жезтырнақ», «Қылышпен би», «Айда былшым» тәрізді бес әйелдер биінің сахналық композициясы сипаттамасы бар. Автор қойған бұл билер қазақ биінің хореографиялық мұрасы болып табылады. Осы кітаптардың мазмұны бізге нақты би суретін қалыптастыруға мүмкіндік береді және жекелеген қалыптар мен қимылдарды орындау сипаттамасымен таныстырады. Халық биінің өткенін жаңа хореографиялық жүйемен байланыстыра білген, халық биінің жалпы суреттемесін беретін Д.Т. Абиров пен А. Исмаиловтың, О. Всеволодская-Голушкевичтің, Ш. Жиенқұлованың еңбектерінде қалыптастырылған шығармашылық негізінде қазақ биін орындаушыларды, сондай-ақ оқытушыларды дайындау жүргізілетінін атап өткен жөн.

Қазіргі кезеңде қазақ биін оқыту кең ауқымды көлемде жүргізіледі, бірақ негізінен оқыту мақсаты студенттердің оқытушы басшылығымен жүргізілетінін әдістемелік жұмысына (оқу комбинацияларын талдау, би этюдтерін құраудың әдістемелік қағидаларын игеру, сабақты музыкамен сүйемелдеу мысалдары), сондай-ақ жан-жақты талдануы тиіс би мұрасын оқып-үйренуге бағытталған. Осы жерде спорттық балдық би жөніндегі болашақ педагогты дайындау мәселесінің проблемасын көтерген спорттық балдық би педагогы Т.В. Терехованың еңбегінен үзінді келтірген орынды. Т.В. Те-

рехова: «Енді ғана бастаған орындаушылармен айналысатын педагог-жаттықтырушы орындаудың базалық техникасынан гөрі анағұрлым көп білімді игерген болуы тиіс... Оқыту әдістемесі деген тек құрғақ орындау техникасынан тұрмайды, сондай-ақ оған біздің түлектерге төрт жыл бойына (бакалавриатурада оқу) оқыту үдерісіне бейімделуге мүмкіндік беретін көптеген сан алуан компоненттер кіреді» [13, 58]. Автордың пікірі дұрыс және біз оған толықтай қосыламыз, оқу үдерісі «тек құрғақ орындау техникасынан тұрмауы тиіс, оған көптеген сан алуан компоненттер кіреді», бәрінен бұрын, дәстүрлі және этностық мәдениетті, көркем және эпостық шығармашылықты, ою-өрнек өнерін оқу кіруі тиіс. Бұл аспектілерді зерттеудің маңыздылығы бұл би мұрасын сақтау мен насихаттауды, жеке тұлғаға рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз ететіндігі факторына негізделген.

Сонымен, «Қазақ биі» пәнінің мақсаты ұлттық хореографияның бастау көздерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі даму эволюциясы бойынша білімнің біртұтас жүйесін қалыптастыру, орындаудың ұлттық бояуын, сипатын және мәнерін сақтау болып табылады. Ол қазақ биі бойынша хореограф-педагогты студенттің психологиялық-педагогикалық, әдістемелік білігін дамыту және дүниетанымын кеңейтуге арналған негіз ретінде пайдаланылатын теориялық білім жүйесі арқылы қалыптастыруға бағытталған.

Сондықтан да мақалада қарастырылған кейбір аспектілерді білу қазақ биі педагогтарын орынды, толыққанды және табысты оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл білімді, ғылыми және практикалық әдістердің бүкіл жүйесін пайдалана отырып, кәсіби-педагогикалық білім алып жүрген қазақ биінің болашақ педагогын тәрбиелеуде қолдану ойлау жүйесінің эстетикалық және көркемдік жағын байытуға алып келер еді, сондай-ақ ұлттық хореография мазмұнын толық әрі терең түсінуге және ұлттық хореография өнерінің көркемдік тұрғыдан жоғары туындыларын жасауды дамытуға жәрдемін тигізер еді.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ҚР Парламенттер палаталарының бірлескен мәжілісіндегі Қазақстан халқына Жолдауы // Казахстанская правда. – 28.01.2012. – 2–3 бб.
- 2 Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе: Кыргызстан, 1990. – 478 б. – 290 б.
- 3 Аязбекова С.Ш. Картины мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 1999. – 285 б. – 104-105 б.

- 4 Уәлиханов Ш.Ш. 5 т. шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: ҚазКСР ҒА баспасы, 1961. – 431 б. – 483 б.
- 5 Құлбекова А.К., Изим Т.О. Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Астана: Tengri Ltd, 2012. – 200 б. – 35, 52 б.
- 6 Абиров Д.Т., Исмаилов А.С. Казахские народные танцы. – Алматы: Казгослитиздат, 1983. – 111 б.
- 7 Абиров Д.Т. История казахского танца. – Алматы: Санат, 1997. – 160 б.
- 8 Жиенкулова Ш.Б. Казахские танцы. 1955.
- 9 Жиенкулова Ш.Б. Тайна танца. – Алматы: Өнер, 1980. – 280 б.
- 10 Всеволодская-Голушкевич О.В. Школа казахского танца. – Алматы: Өнер, 1994. – 184 б.
- 11 Всеволодская-Голушкевич О.В. Баксы ойыны. – Алматы: Рауан, 1996. – 144 б.
- 12 Всеволодская-Голушкевич О.В. Пять казахских танцев. – Алматы: Өнер, 1988. – 152 б.
- 13 Терехова Т.В. Размышления на тему спортивных балльных танцев // ҚР БҒМ Поиск. – 2013. – №1. – 2013.

#### References

- 1 Kazakstan Respublikasy Prezidenti N.A. Nazarbaevtyн KR Parlamentter palatalarynyn birlesken mazhilisindegi Kazakstan halkyna Zholdaу // Kazahstanskaja pravda. – 28.01.2012. – 2– 3 bb.
- 2 Abramzon S.M. Kirgizy i ih jetnogeneticheskie i istoriko-kul’turnye svjazi. – Frunze: Kyrgyzstan, 1990. – 478 b. – 290 b.
- 3 Ajazbekova S.Sh. Kartiny mira jetnosa: Korkut-ata i filosofija muzyki kazahov. – Almaty: KR BFM Filosofija zhane sa-jasattanu institutynyn komp’juterlik-baspa ortalygy, 1999. – 285 b. – 104-105 bb.
- 4 Ualihanov Sh.Sh. 5 t. shygarmalar zhinagy. – Т. 1. – Almaty: KazKSR GA baspasy, 1961. – 431 б. – 483 б.
- 5 Kulbekova A.K., Izim T.O. Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Астана: Tengri Ltd, 2012. – 200 б. – В. 35, 52.
- 6 Abirov D.T., Ismailov A.S. Kazahskie narodnye tancy. – Almaty: Kazgoslitzdat, 1983. – 111 б.
- 7 Abirov D.T. Istorija kazahskogo tanca. – Almaty: Sanat, 1997. – 160 б.
- 8 Zhienkulova Sh.B. Kazahskie tancy. 1955.
- 9 Zhienkulova Sh.B. Tajna tanca. – Almaty: Oner, 1980. – 280 б.
- 10 Vsevolodskaja-Golushkevich O.V. Shkola kazahskogo tanca. – Almaty: Oner, 1994. – 184 б.
- 11 Vsevolodskaja-Golushkevich O.V. Baksy ojyny. – Almaty: Rauan, 1996. – 144 б.
- 12 Vsevolodskaja-Golushkevich O.V. Pjat’ kazahskih tancev. – Almaty: Oner, 1988. – 152 б.
- 13 Terehova T.V. Razmyshlenija na temu sportivnyh bal’nyh tancev // ҚР БҒМ Поиск. – 2013. – №1. – 2013.